

Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы актілерін жасау және беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 19 қарашадағы N 266-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3308. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 24 шілдедегі N 174-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007.07.24 N 174-ө Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Заңының 29-бабының 2-тармағы орындалу үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы актілер жасау және беру ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау М и н и с т р і н ің
2004 жылғы 19 қ а р а ш а д а ғ ы
N 266-ө бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы актілерін жасау және беру Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы актілерін жасау және беруі туралы осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Ереже мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы актілерін жасаудың және берудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік еңбек инспекторларының актілері мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында белгіленген (анықталған) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзушылықтарға құқықтық әсер ету шаралары болып табылады.

3. Анықталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзушылықтарға қарай мемлекеттік еңбек инспекторлары мынадай актілерді:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды жою туралы; өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау жүргізу; жарақат қаупі бар және авариялық жағдайлардың алдын алу үшін өндірістік нысандар мен жабдықтарда, сондай-ақ өндірістік процестерде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу туралы; жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындары мен жабдықтардың және тұтас ұйымның пайдаланылуына тыйым салу және тоқтата тұру туралы ұйғарымдар;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығарады.

2. Ұйғарымдар жасаудың және берудің тәртібі

4. Заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдарды мемлекеттік еңбек инспекторлары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзушылықтардың анықталған фактілері бойынша береді.

5. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау жүргізу туралы ұйғарым өндірістік орта жағдайларының еңбек жағдайлары нормативтеріне сәйкессіздігінің, өндірістік объектілерді аттестаттаудан өткізу тәртібінің бұзылуы не аттестаттау мерзімі кешіктірілуінің анықталған фактісі бойынша беріледі.

Жұмыс берушінің жаңа өндірістік процестерді, технологияларды, объектілер мен жабдықтарды енгізуі де жұмыс берушіге өндірістік объектілерге кезектен тыс аттестаттау жүргізу туралы ұйғарым шығару үшін негіздеме болып табылады.

6. Өндірістік процестердің, технологиялардың, объектілер мен жабдықтардың қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу жөніндегі ұйғарым өндірістік процестердің, технологиялардың, объектілер мен жабдықтардың

қауіпсіздігі жай-күйі нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес емес немесе жеткілікті сәйкес келмеген жағдайларда беріледі.

7. Жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындары мен жабдықтардың және тұтас ұйымның пайдаланылуына тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы ұйғарым өздерінің өндірістік қызмет жағдайларында қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына айқын қатер төндіретін ахуал анықталған жағдайларда беріледі.

Жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындары мен жабдықтардың және тұтас ұйымның пайдаланылуына тыйым салу немесе тоқтата тұру жағдайларында мемлекеттік еңбек инспекторлары көрсетілген нысандарды ұйымның лауазымды адамына қолын қойғызып, сақтау сенімхатын бере отырып, пломба салу немесе сүргі салу жүргізеді. Ұйғарымның бұл түрінде тоқтатудың себебі мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзушылықтардың жойылу мерзімдері нақты жазылған болуы тиіс.

Ұйғарым үш күннен асырылмайтын мерзімге соттың шешімінсіз міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа қуыным өтінішін ұсына отырып беріледі. Қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акті анықталған бұзушылықтар жойылғанға немесе сот шешім шығарғанға дейін қолданылады.

8. Мемлекеттік еңбек инспекторы ұйғарымдарының әрбір түрі жеке жасалады, әрқайсысы бірнеше бұзушылық жағдайларын қамтуы мүмкін. Ұйғарымды жасау кезінде заңдардың қай нормаларының бұзылғаны және оларды жою мерзімдері нақты көрсетіледі.

9. Ұйғарымды жасау бақылауды (тексеруді) жүзеге асыру барысында, жеке, заңды тұлғаның, не ұйымның лауазымды адамының немесе олардың заңды өкілдерінің (бұдан әрі - тұлғалар), сондай-ақ тексеруге еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлар қатысқан жағдайда, олардың қатысуымен жасалады.

10. Тексеру мен ұйғарым жасау аяқталғанда мемлекеттік еңбек инспекторы оған қатысты ұйғарым шығарылған тұлғаны ұйғарымның мазмұнымен таныстыруға және орындау үшін қолын қойғызып тапсыруға міндетті.

Мемлекеттік еңбек инспекторы ұйғарымды тапсыру кезінде тұлғаның уәкілетті органның жоғары тұрған лауазымды адамына немесе сотқа шағымдану құқығы туралы хабардар етуге міндетті.

3. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы қаулыларды жасаудың және берудің тәртібі

11. Мемлекеттік еңбек инспекторының еңбекті қорғау туралы заңдар не еңбекті қорғау жөніндегі ережелер саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық

17. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам, әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берген адам қолдарын қояды. Куәлар мен зардап шегушілер болса, онда олар да қолдарын қояды.

18. Оларға қатысты әкімшілік іс қозғалған тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысу мүмкіндігі берілуі тиіс. Көрсетілген адамдар хаттама мазмұны бойынша түсініктемелері мен ескертулерін жазбаша түрде ұсынуға құқылы, олар хаттамаға қосылады. Көрсетілген адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда онда тиісті жазба жазылады.

19. Оларға қатысты әкімшілік іс қозғалған тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін оның бір данасы қолын қойғызып тапсырылады.

20. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс ӘҚҚо 648-бабында көзделген ережелер сақтала отырып, бес күндік мерзімде сол іс болған жерде қаралады.

21. Мемлекеттік еңбек инспекторы қарау нәтижелері бойынша ӘҚҚо 89-бабында көзделген құзырет шегінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік өндіріп алу туралы қаулы шығарады.

22. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға қаулыны шығарған мемлекеттік еңбек инспекторы аты-жөнін көрсетіп қолын қояды.

23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы істі қарау аяқталғаннан кейін кешіктірмей жарияланады. Қаулының көшірмесі оған қатысты қаулы шығарылған тұлғаларға, сондай-ақ өздерінің өтініші бойынша зардап шегушілерге тапсырылады.

24. Көрсетілген адамдар болмаған жағдайда, қаулының көшірмесі әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы шығарылған күннен бастап үш күн ішінде көрсетілген адамдардың мекенжайына жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 2004 жылғы
19 қарашадағы N 266-ө
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің мемлекеттік
еңбек инспекторларының актілер
жасау және беру ережесіне

1-қосымша

(шығарылған орны,

(шығарылған күні)

уәкілетті
деректемелері)

органның

Кімге _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

(ұйымның атауы, ұйымның мекенжайы)

200__ ЖЫЛҒЫ "____" _____
N____ **ЖАЗБАША ӨКІМ**

(жазбаша өкімнің түрі)

_____ Қазақстан Республикасы Заңының
_____ сәйкес заңнаманың мынадай бұзушылықтары
(актің осы түрінің құқығын белгілейтін заңның бабы)

ЖОЙЫЛСЫН:

N р/р	Айқындалған бұзушылықтар оларды жою жөніндегі талаптар	және	Орындау мерзімі	Ескерту

Жазбаша өкімнің орындалуы туралы онда көрсетілген мерзімдер
өткеннен кейін мына _____ мекенжайға жазбаша хабарлансын.

Мемлекеттік еңбек инспекторы _____

Жазбаша өкімді алдым: (қолы) (Т.А.Ә.)

(лауазымы)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

¹ Жазбаша өкім 2 данада жасалады (біріншісі - жұмыс берушіге,
екіншісі - мекеме инспекторына)

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 2004 жылғы
19 қарашадағы N 266-ө
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің мемлекеттік
еңбек инспекторларының актілер
жасау және беру ережесіне

2-қосымша

_____ (шығарылған орны,
уәкілетті
деректемелері)

_____ (шығарылған күні)
орғанның

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

N ____ ҚАУЛЫ

Мен, _____ Мемлекеттік еңбек инспекторы _____,
(облысы, қала, аудан бойынша) (тегі, аты-жөні)

_____ (Т.А.Ә., азаматтығы, туған күні мен туған жері,
_____ қатысты
тұратын жері, тіркелімі, жұмыс орны, лауазымы)

_____ бойынша көзделген әкімшілік
(Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бабы)
құқық бұзушылық туралы істі қарап, _____
(істі қарау кезінде анықталған жағдайлар)

_____ анықтадым.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік
құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 550 және 651-баптарын
басшылыққа алып **ҚАУЛЫ ЕТтім:**

_____ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық
(жауапкершілікке тартылатын тұлғаның тегі, аты-жөні)
туралы кодекстің _____ бабы бойынша _____ теңге мөлшерінде
а й ы п п ұ л с а л ы н с ы н .

Айыппұл _____ кешіктірілмей _____
N _____ шотқа енгізілуі тиіс, ал төлеу жөніндегі түбіртек
айыппұл салған мемлекеттік инспекторға ұсынылады.

Әкімшілік заң бұзушылық туралы қаулыға, ҚР Әкімшілік заң
бұзушылық туралы Кодекстің 655 , 657 баптарында көзделген тәртіппен,
қаулының көшірмесі берілген күннен бастап 10 күн ішінде шағымдануға, ал істі
қарауға қатыспаған тұлға қолына алған күннен бастап дәл осы мерзімде
шағымдануына болады.

Меменбек инспекторы _____ 200__ ж. " ____ " _____
(қолы)

Қаулыны алған _____

(қолы)

200__ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 19 қарашадағы N 266-ө бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторларының актілер жасау және беру ережесіне

3-қосымша

(шығарылған орны,
уәкілетті
деректемелері)

(шығарылған күні)

о р г а н н ы ң

Әкімшілік заң бұзушылық туралы N ____ хаттама

Мен, _____ Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(облысы, қала, аудан бойынша) (Т.А.Ә.)

_____ тексеру кезінде

(тексерілетін нысанның атауы)

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің _____ көзделген әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатын
(б а п т ы ң N)

(заң нормаларын, болған орыны мен уақытын көрсету арқылы анықталған заң бұзушылықтарды сипаттау)

_____ анықтадым.

Метрологиялық тексерістің атауы, номері, күні, ол әкімшілік заң бұзушылықты айқындау және тіркеу кезінде пайдаланылған жағдайда, техникалық құралдың көрсетімдері және істі шешуге қажетті өзге де мәліметтер: _____

Жіберілген құқық бұзушылықтар үшін жауапты _____
(Т.А.Ә. атқаратын қызметі)

Куәгерлер (егер болса) _____
(Т.А.Ә., атқаратын қызметі, мекен-жайы)

Жауапты қызметкердің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің
584-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.
Бұзушылықтар үшін жауапты тұлғаның түсіндірмелері _____

Меменбек инспекторы _____ Жауапты тұлға _____
(қ о л ы) (қ о л ы)

Куәгер _____ Куәгер _____
(қолы) (қолы)